

6D011700 – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Карбозова Булбул
Давлетханқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін
дайындаған «Қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық
құрылымын ЖОО-да оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Карбозова Булбул Давлетханқызының «Қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын ЖОО-да оқытудың әдістемесі» атты диссертациялық жұмысы тіл біліміндегі аса бір өзекті проблемаға арналған. Себебі, лингвистикадағы омонимия ұғымы күні бүгінге дейін тілші ғалымдардың назарын аударып келген өте бір күрделі мәселенің бірі болып отыр. Диссидентант өз жұмысында осындай күрделі проблеманың теориялық проблемаларындағы шешімін таппаған бірқатар мәселелерге өз зерттеуі түрғысынан баға берे отырып, осы мәселені ЖОО-да танымдық түрғыдан оқытудың ұтымды әдіс-тәсілдерін қарастырады.

Аталған жұмыс докторлық диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған. Жұмыс З тараудан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Алғашқы тарауында, қазақ тіліндегі омонимдердің тілтанымдық негіздерін талдауға арналған. Мұнда диссидентант жалпы тіл біліміндегі омонимдердің теориясының зерттелуіне назар аудара отырып, толық омонимдер, жартылай омонимдер, омонимдердің когнитивтік семантикалық құрылымы, терминдік және диалектілік омонимдер деген мәселелерге жан-жақты талдаулар жасайды. Диссидентант өз жұмысында айтылған зерттеулерге қатысты өзіндік қортындыларын ғылыми негіздерге сүйене отырып тұжырымдайды.

«Омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын ЖОО-да оқытудың әдіснамасы» атты тарауында, омонимдік бірліктерді оқытудың өн бойында танымдық әрекеттердің небір күрделі түрлері мен сатылары жүргізіліп, түрлі логика-философиялық тұжырымдар жасалып, соның нәтижесінде білім алушының рухани жан әлемі мен тәлімдік-тәрбиелік дағдысы қалыптасып отыратындығы айтылады. Жоғары оқу орындарында омонимдік құбылыстарды оқыту арқылы білім алушылардың ұтымды ойлап, ұшқыр сөйлеу дағдысын, ойын ашық айтып дискуссияға әзірлігін қалыптастыруда коммуникативтік үдерістің информативтік және эмотивтік аспектілерін игерту қажеттігіне мән беріледі.

Ал «Омонимдерді оқытудың әдістемелік жүйесі» атты тарауында қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикасын оқыту тілдің ұлттық сипатымен тығыз байланысты екендігі баса назарға алынады. Тіл – танымдық және қолданымдық болмысы біте қайнасып жататын, пайда болу, даму заңдылықтары табиғи сипатта өрбитін «жанды» құбылыс екендігі, сонымен қатар, тілдің осы сипаты қазіргі тілтаным ғылымының құрылымдық және антропоөзектік парадигмалары аясындағы зерттелімдерде кеңінен қарастырып, зерттеуге негіз бар екендігі көрінеді.

Бұл өз кезегінде білім алушыларға пән мазмұны мен омонимдік құбылыстарды терең игеруге, олардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге жетелейді. Осы арқылы білім алушылардың базалық лингвистикалық білімі толысып, танымдық кабілеті жетіліп, креативті ойлау мәнері үшталады.

Осы тарауында диссертант омонимдерді оқыту барысындағы ашық сабактың жоспарын ұсынады. Омоним сөздерді оқытуудың ерекшеліктері мен әдістеріне арнайы тоқталып өтеді. Аталған барлық тұжырымдарды тапсырмалар мен жаттығу жұмыстарында көрсеткен. Бұл жұмыс когнитивті-семантикалық тұрғыда көрініс табатын омнимдік жұптарға сипаттама беріп, студенттің танымдық қабылдауына ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Диссертацияның негізгі идеялары мен нәтижелері халықаралық деңгейде өткен ғылыми конференция материалдарында, ҚР БжФМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитетінің тізіміндегі басылымдарда және Scopus компаниясының ақпараттық базасына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналда жарық көрген. Барлығы 12 жарияланым.

Зерттеу жүргізу барысында диссертант өзін сауатты, ғылыми шығармашылығы толықкан, білімін іс-тәжірибеде қолдана алғатын, қабілетті де, қағылez зерттеуші ретінде көрсете білді. Б.Д.Карбозаның «Қазақ тіліндегі омонимдердің когнитивті-семантикалық құрылымын ЖОО-да оқытуудың әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясы теориялық және практикалық маңыздылығы бар, толық аяқталған жұмыс ретінде бағалап, 6D011700 – қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының докторы,
Қазақстан-Британ техникалық
университетінің ассоциативті профессоры

Ж.Т. Даuletбекова

